**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жапонияға 1999 жылғы 5-8 желтоқсандағы сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 14 ақпан N 239

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жапонияға 1999 жылғы 5-8 желтоқсандағы сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-жапон ынтымақтастығын одан әрі дамытуды және кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жапонияға 1999 жылғы 5-8 желтоқсандағы сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және атқарушы органдары, басқа да мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы кем дегенде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 14 ақпандағы
N 239 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Жапонияға 1999 жылғы 5-8 желтоқсандағы сапары барысында
қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі
іс-шаралар жоспары

| N р/с | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жапон банкінің (JBIC)жеңілдікті заемдары. ның және коммерциялық не. сиелерінің есебінен қаржы. ландыруға ұсынылған басым. дықты жобалардың тізбесі бойынша жұмыс жалғастырыл. сын. Жобалар тізбесі Қазақ. стан Республикасы Үкіметі. нің 15.11.1999 жылғы N 1711 қаулысымен бекітілген | Тұрақты негізде | Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Энерге. тика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлі. гі, Астана қаласының әкімі "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" МТҰК (келісім бойынша), "Астананы дамыту жөнінде. гі корпорация" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 2 | Шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастық жөнінде ұсыныс енгізу | 2000 жылдың 1 сәуірі | Табиғи монополияларды рет. теу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Энерге. тика, индустрия және сауда министрлігі |
| 3 | "Батыс Қазақстандағы авто. мобиль жолдарын оңалту" жобасы бойынша Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жапон банкінің (JBIC)жең. ілдікті йендік несие бе. руіне қатысты ноталар ал. масуды жүзеге асыру | Жобаның жүзеге асуына қарай | Сыртқы істер министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қаржы министр. лігі, Экономика министрлігі |
| 4 | Астананың қолда бар бас жоспарының жобасы мен жаңа | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Астана қаласының әкімі, "Астананы дамыту жөніндегі |

елорданың нақты қажеттіл.                корпорация" ЖАҚ (келісім
іктерін ескере отырып,                  бойынша), Экономика министр.
"Астананың мастер-жоспарын              рлігі, Қаржы министрлігі,
дамыту" гранты бойынша жұ.              Сыртқы істер министрлігі
мыстар жоспарын Экономика.
лық ынтымақтастық жөніндегі
жапон агенттігімен (JICA)
келісу

------------------------------------------------------------------------

5 2000 жылғы сыртқы заемдар     2000 жыл     Қаржы министрлігі,
бойынша мемлекеттік кепіл.     ішінде      Экономика министрлігі
діктер берудің лимитін
(50 млн.доллар)ұлғайту
туралы Халықаралық Валюта
Қорымен келіссөздер жүргізу
және жапондық тарапты ресми
түрде хабардар ету

------------------------------------------------------------------------

6 Қазақстан Республикасының    Тұрақты негізде Энергетика, индустрия және
мұнай-газ ресурстарының                 сауда министрлігі, Көлік ж/е
әзірлемесі жөніндегі ин.                коммуникациялар министрлі.
вестициялық жобаралға же.               гі, Инвестициялар жөніндегі
текші жапондық компаниялар.             агенттік, Қаржы министрлігі,
дың (Мицуи,Мицубиси,Марубе.             Экономика министрлігі,
ни,Иточу,Чори,Сумитомо)                 Сыртқы істер министрлігі
қатысу мүмкіндігін қарау

------------------------------------------------------------------------

7 "TOKMS-426" келісім-шартына 2000 жылдың    Энергетика, индустрия және
қатысты өтемақы мөлшерін     I тоқсаны     сауда министрлігі, Қаржы
"Иточу" компаниясымен келі.             министрлігі, Экономика ми.
суді аяқтау;Жапония Эксим.              нистрлігі, "Қазақойл" ҰМК
банкінің несие жүйесін                  (келісім бойынша),
"TOKMS-426" келісім-шарты.              "ҚазТрансОйл" МТҰК
нан "Атырау-Кеңкияқ мұнай               (келісім бойынша), Сыртқы
құбырының құрылысы" жобасына            істер министрлігі
қайта ресімдеу мүмкіндігін
қарау.
"Атырау мұнай өңдеу зауытын
қайта жаңғырту" жобасы бойын.

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ша техникалық-экономикалық негіздемені Халықаралық ын. тымақтастық жөніндегі жапон банкіне (JBIC)ұсыну | | |
| 8 | Мүдделі жапондық компания. лардың "Орталық Азия-Қытай газ құбыры" жобасына қаты. суы мүмкіндігін қарау | Жобаның жүзеге асуына қарай | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика ми. нистрлігі, "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" МТҰК (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі |
| 9 | Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон және жапон-қазақстан комит. еттерінің бірлескен 5-ші мәжілісі барысында қол жет. кізілген уағдаластықтарды орындау, атап айтқанда, тау-кен өнеркәсібіне (молибден, вольфрам, ильменит, уран өн. дірісі), ауыл шаруашылығы мәшинелерін жасауға, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқ. сату мен оларды экспортқа шығаруға жапон инвестиция. ларын тарту жөнінде шаралар қабылдау | Тұрақты негізде | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экономика министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік, Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім білдіру шаралары жө. ніндегі кеңес шеңберінде аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша диалог. ты жалғастыру | Тұрақты негізде | Сыртқы істер министрлігі |
| 11 | Жапония Премьер-Министрінің, | I жартыжылдық | Сыртқы істер министрлігі |

императордың отбасы мүшелер.    ішінде
інің Қазақстан Республикасы.
на сапарының мерзімдерін ке.
лісу
-----------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Омарбекова А.Т.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК